

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫ ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген күні: «10» желтоқсан 2025 жыл

Өткізілген орны: музыка залы

Қатысқандар: 28

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогтердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауына мониторинг жүргізу.
2. Іскерлік ойын: «Заманауи тәрбиеші қандай?»

I. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері педагогтердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауына жүргізілген мониторинг қорытындысымен таныстырды. Мониторинг барысында педагогтердің Қазақстан Республикасының педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау деңгейі, қызметтік міндеттерін орындау мәдениеті, ата-аналармен, тәрбиеленушілермен және әріптестермен қарым-қатынасы зерделенді. Жүргізілген бақылау нәтижесінде педагогтердің басым көпшілігі қызметтік әдеп нормаларын сақтайтыны анықталды. Ұжымда өзара сыйластық, кәсіби қарым-қатынас және педагогикалық мәдениет талаптары сақталғаны атап өтілді. Сонымен қатар педагогтердің әлеуметтік желілердегі мәдениеті мен қоғамдық орындардағы мінез-құлқына назар аударылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Кеңес мүшелері педагогтің кәсіби беделін сақтау үшін қызметтік әдеп нормаларын ұдайы ұстанудың маңыздылығын атап өтті. Әдеп талаптарын сақтау білім беру ұйымының оң имиджін қалыптастыруға ықпал ететіні айтылды.

II. ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері «Заманауи тәрбиеші қандай?» тақырыбында іскерлік ойын өткізді. Іскерлік ойын барысында педагогтер заманауи тәрбиешінің кәсіби және тұлғалық қасиеттерін анықтады. Қатысушылар тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігі, шығармашылығы, жаңашылдығы, балалармен және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орната білуі, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруі, педагогикалық этика мен мәдениетті сақтауы жөнінде өз ойларымен бөлісті. Топтық жұмыстар, жағдаяттық тапсырмалар және пікір алмасу арқылы заманауи тәрбиешінің бейнесі қалыптастырылды. Қатысушылар қазіргі қоғам талабына сай тәрбиеші білімді, жауапты, ізденімпаз, шығармашыл және кәсіби мәдениеті жоғары болуы тиіс деген қорытындыға келді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Педагогтер іскерлік ойынның мазмұнды өткенін, кәсіби тәжірибе алмасуға мүмкіндік бергенін атап өтті. Өз қызметтерінде заманауи тәсілдерді тиімді қолданудың маңыздылығы талқыланды.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауына жүргізілген мониторинг қорытындысы назарға алынсын. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын. Қызметтік әдеп нормаларын сақтау мәселесі тұрақты бақылауда ұсталсын.

2. «Заманауи тәрбиеші қандай?» іскерлік ойынының қорытындысы назарға алынсын. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын. Заманауи білім беру технологияларын қолдану тәжірибесін тарату бойынша жұмыстар жүргізілсін. Педагогтердің педагогикалық этика мен мәдениетті сақтауына ерекше назар аударылсын.

Төраға:



Хатшы:

